

Ақмола облыстық сотының "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы

Қаулы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 2000 жылғы 2 тамыз N 17/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Конституциялық Кеңес Төрағасының міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқық бөлімінің аға референті Т.Е.Нұғымановтың қатысуымен өзінің ашық отырысында Ақмола облыстық сотының "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымын қарады.

Қолдағы бар материалдарды, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі - сарапшы Қ.Ж.Балтабаевтың қорытындысын зерделеп, баяндамашы А.Есенжановтың хабарын тыңдап, Конституциялық Кеңес мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 3 шілдеде Ақмола облыстық сотының "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы келіп түсті.

Ұсынымнан мәлім болғанындай, Ақмола облыстық сотының іс жүргізуінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша, бірнеше рет, үй-жайға кірумен, қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған қарақшылық үшін жауаптылықты көздейтін 179-бабы, 2-бөлігі, а), б), в), г) тармақтары бойынша Д.В.Васиневке айып тағу жөніндегі қылмыстық іс жатыр. Бұл іс Ақмола облысы Есіл ауданы прокурорының осы аудан сотының үкіміне келтірген наразылығы бойынша қабылданған болатын. Прокурордың наразылығында, сотталушының әрекеті, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сай, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған қарақшылық үшін жауаптылықты көздейтін 179-бабы 3-бөлігінің

г) тармағы бойынша айқындалуы тиіс, деп көрсетілген.

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында: "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабына Ескертудің 4-тармағында бекітілген ереже "Қазақ КСР-інің Қылмыстық Кодексін бекіту туралы" 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 63 (бандитизм), 76 (ұрлық), 76-1 (тонау), 76-2 (шабуыл жасап тонау), 76-3 (алаяқтық), 76-4 (бөтен біреудің мүлкін меншіктену немесе жұмсап қою жолымен немесе қызмет бабын пайдаланып, қиянат жасау жолымен талан-таражға салу), 76-7 (қорқытып алу), 203-бабында (атылатын қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау), 205-2 (радиоактивті материалдарды ұрлау), 213-1 (есірткі заттарды ұрлау) баптарында көзделген қылмыстардың қайсыбіреуін бұрын жасаған адамдарға қолданылады" делінген.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ 175-бабына Ескертудің 4-тармағына сай, "осы тараудың баптарында, сондай-ақ осы Кодекстің басқа баптарында ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын сотталған адам деп осы Кодекстің 175-181, 248, 255, 260-баптарында көзделген бір немесе бірнеше қылмыс үшін сотталған адам танылады".

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Қылмыстық кодексінің жоғарыда аталған нормаларын, 1959 жылғы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР-і Қылмыстық кодексінің осы тақілеттес нормаларымен салыстырмалы түрде талдай келе, өтініш субъектісі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ 179-бабы 3-бөлігінің г) тармағында және "Меншікке қарсы қылмыстар" тарауының басқа баптарының осы тақілеттес тармақтарында көзделген, бұл жағдайда ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған қарақшылық, айқындаушы белгіні осы қарастырылып отырған Заңның 8-бабы арқылы қолдануға болмайды деп пайымдайды. Соған орай мынадай дәлелдер келтіріледі.

Қазақ КСР-інің 1959 жылғы 22 шілдедегі Қылмыстық кодексінде, екі және одан да көп рет ұрлық немесе қорқытып алушылық жасағаны немесе пайдакүнемдік қылмыс (оның санынан тәуелсіз) жасағаны үшін екі және одан да көп рет сотталған адамдардың іс-әрекеті "қайталап" белгісі бойынша айқындалатын. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Қылмыстық кодексінде К970167_ болса "қайталану" айқындаушы белгісі "бірнеше рет" айқындаушы белгімен ауыстырылған және, алаяқтықты алып тастағанда, жаза жеңілдетілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде "бірнеше рет" айқындаушы белгімен қатар, жауаптылығын күшейте отырып, мынадай жаңа дербес айқындаушы белгі енгізілген: дәл осындай қылмысы үшін екі және одан да көп рет сотталған адамның ұрлық немесе қорқытып алушылық жасауы. Ақмола облыстық сотының пікірі бойынша, бұл сотталушының жағдайын нашарлатады, себебі екі немесе одан да көп рет

сотталған адамның жасаған қылмысы үшін, өте қауіпті рецидивист жасаған қылмыспен бірдей жауаптылықты көздейді. Ал бұл, облыстық соттың пікірінше, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында баянды етілген заңның кері күші туралы конституциялық принципке қайшы келеді. Ал қарастырылып отырған Заң 8-бабының өте қауіпті рецидивист деп танылған да, танылмаған да адамдардың бәріне тарауы, Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_14-бабында баянды етілген, заң алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық принципті бұзады. Баяндалғанның негізінде, Ақмола облыстық соты "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін күшіне К970167_ енгізу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын конституциялық емес деп тануды сұрайды.

Осы ұсынымды қарау кезінде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Конституциялық Кеңес, Ақмола облыстық сотының, ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адамның пайдакүнемдік қылмыс жасауын айқындайтын белгіні, онымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде К970167_ бірнеше реттілікті айқындайтын белгі болып тұрғанда қолдануға болмайды деген дәлелдерін қарай алмайды. Қылмыстық-жазаланатын әрекеттердің құрамын топтастыру, соның ішінде олардың айқындалатын белгілерін анықтау заң шығарушының төтенше құзыры болып табылады, ал нақтылы бір қылмыстық әрекеттердің айқындалуы жөніндегі даулар процессуалдық заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Республика Конституциясы К951000_78-бабының ережелерінен келіп шығып, Ақмола облыстық соты Конституцияның К951000_77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына қайшы келеді деп есептейтін, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының осы аталған 8-бабы ғана Конституциялық Кеңес қарауының нысаны бола алады.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Яғни, мұндай заңдар оларды енгізгенге дейін жасалған әрекеттерге қатысты қолданылмайды.

Алайда, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін К970167_ күшіне енгізу туралы" Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бұдан да қатаң санкциялары бар баптарын осы аталған кодексті күшіне енгізуге дейін жасалған әрекеттерге тікелей қолдануды көздемейді де. Заңның қарастырылып отырған бабы, меншікке қарсы қайталап қылмыс жасаған адамның әрекетін айқындау кезінде, олардың Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексі күшінде болған мерзімде өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығын ескеруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қабылдау

кезінде, заң шығарушы оның меншікке қарсы қылмыстар туралы баптарына "бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адамның қылмыс жасауы" деген айқындау белгісін енгізгендіктен, сотталуды тіркеудің ережесін де көзде тұту қажет болатын, олар қолданылып жүрген Қылмыстық кодекстің К970167_ 175-бабына Ескертудің 4-тармағында, ал Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексі күшінде болған мерзімде орын алған қылмыстардың осы санаттары бойынша сотталуларға қатысты - "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің К970167_ күшіне енгізу туралы" Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында баяндалған.

Облыстық соттың ұсынымында, Қылмыстық кодекстің К970167_ 179-бабы 3-бөлігінің г) тармағын да ("ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам" жасаған қарақшылық айқындалатын белгіні анықтайтын), Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ 175-бабына Ескертудің 4-тармағын да конституциялық емес деп тану туралы мәселе қойылмайды. Алайда, бұл нормалар "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің К970167_ күшіне енгізу туралы" Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабымен тығыз байланысты, онысыз олар өз мағынасын жоғалтады. Қарастырылып отырған заң нормасы рецидивті (бұрын осы тақілеттес қылмыс бойынша сотталған адам жасаған) деп айқындалған қылмыс үшін жазаны белгілеудің тікелей тәртібін анықтамайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі К970167_ 59-бабының 1-бөлігіне сай, жаза әртүрлі мән-жайды, соның ішінде, бұрын жасалған да, жаңадан жасалған да қылмыстардың сипатын және қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескеріп белгіленуі тиіс. Бұл, егер Заңның 8-бабын қолданып жауаптылыққа тартылып отырған нақтылы бір сотталушы, бұдан алдын ала жазасын ауырлататын жағдайларда жасалған қылмыстары үшін емес, облыстық соттың ұсынымында айтылғандай, Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексі тиісті баптарының "бірінші бөлігі бойынша" сотталған болса, онда сот бұл сотталушыға жазалау мөлшерін анықтау кезінде бұл жағдайларды ескеру мүмкіндігіне ие дегенді білдіреді. Демек, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің К970167_ күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z970168_ 8-бабын қолдану кезінде, рецидивті қылмыс үшін жазалау, жауаптылықты күшейтетін заңға (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне) кері күш беру арқылы түгелдей анықталады деп айтуға болмайды. Оған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі К970167_ 59-бабының 3-бөлігі де көрсетіп тұр, оған сәйкес, егер осы аталған кодекстің Ерекше бөлігінің бабы (баптың бөлігі) қылмыс жасаған адамның сотталғандығын айқындаушы белгі ретінде көрсетіп тұрса, қылмыстардың рецидиві, қауіпті рецидиві немесе ерекше қауіпті рецидиві кезінде жазалау, осы баптың екінші бөлігінде көзделген ережелерді, яғни қылмыс рецидивінің әртүрлі нысандарында мерзім мен мөлшердің ең төменгі шегін белгілейтін ережелерді ескермей отырып белгіленеді.

Осылайша, Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасының Қылмыстық

кодекcін К970167_ күшiне енгiзу туралы" 1997 жылғы 16 шiлдедегi Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын, Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес емес деп тану үшiн негiз жоқ деп есептейдi. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекciнiң К970167_ бұл бабы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтiрмейдi.

Баяндалғанды ескерiп және Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 72-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентiнiң "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесi туралы" U952737_ конституциялық заң күшi бар Жарлығының 33, 37, 38 және 41-баптарын басшылыққа алып, Конституциялық Кеңес қаулы етедi:

1. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекcін К970167_ күшiне енгiзу туралы" 1997 жылғы 16 шiлдедегi Z970168_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 74-бабының 3-тармағы негiзiнде қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшiне енедi, шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасының бүкiл аумағында жалпыға бiрдей мiндеттi және Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 73-бабының

4-тармағында көзделген жағдайды ескерiп, түпкiлiктi болып табылады.

3. Осы қаулы қазақ және орыс тiлдерiнде республикалық ресми басылымдарда жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Конституциялық Кеңесi
Төрағасының мiндетiн атқарушы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК